

Шектеу іс-шараларын алып тастау туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 19 шешімі

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 5 шілдедегі №154 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Жалағаш ауданы, Таң ауылдық округінде орналасқан Мүсірәлі баба көшесі №9/1, №5/2, №2/1, №1/1, Манақ батыр көшесі №5, №11, №13, №8, Ш.Уәлиханов көшесі №9, №11, №28, №10, №6, №4, Қ.Құлманов көшесі №4 және Қоқыбай болыс көшесі №9А, №4, №10/2, №12/1, №12/2, №14/1 үйлердің ұсақ малдардың арасында бруцеллез ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринарлық іс-шаралары жүргізілуіне байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 22 мамырдағы № 13 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Таң ауылдық округі әкімі

К.Сейдахметов